

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Шығыстану факультеті түрксоп кафедрасының докторанты Бүркітбаева Шынарай Дүбірқызының «6D021200» - Түркітану мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған «Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясы: тарихи таным және ұлттық бірегейлік (ахысқа түріктері, өзбек, ұйғыр, татар ақындарының шығармалары бойынша)» тақырыбындағы диссертациясына отандық ғылыми жетекшісі филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар Дербісәлінің

## ПІКІРІ

Бүркітбаева Шынарай Дүбірқызының диссертациясы үлкен тақырыпты зерделеуге арналған. Ол маған шәкірт болып келгенде таңдаған тақырыбы жайлы айта отырып, оны мүмкін болса қалдыруды өтінген еді. Мен қарсы болмадым. Өйткені жүрегі осы тақырыпты қалады, сол себепті соның үдесіне шығатынына сенгім келді.

Диссертация «Кіріспе» және «Тарихи-әдеби даму және ұлттық бірегейлік» (1-тарау), «Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясында «Мәңгі Ел» идеологиясы және ұлттық код» (2-тарау), «Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары шығармаларының даму барысы (3-тарау) секілді өзара сабақтасқан тараулардан тұрады.

«Кіріспеде» зерттеу жұмысына жалпы сипаттама жасалса, «Зерттеу тақырыбының өзектілігінде» таңдаған тақырыбының маңыздылығын, зәрулігін дәлелдеуге тырысқан.

«Зерттеудің мақсаты мен міндеттерінде» де алдына қойған мақсатын дұрыс айқындай алған. Диссертацияның ғылыми жаңалығы жайлы баяндалған беттерде ойының айқындылығы байқалады.

Шынарай Бүркітбаеваның ғылыми-зерттеу «жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздерінде» тұжырымдары қысқа да нұсқалығымен қатар, тақырыбына байланысты 50-ден астам авторлар еңбектеріне тиісті тұстарда сілтеме жасап, дәйектер келтіріп отырған.

Диссертация бойынша жас зерттеуші 12 мақала жариялаған. Оның бірнешеуі Түркияда жарық көрген. Жас ғалымның зерттеу тақырыбы көлемді болып көрінгенімен, негізінен ол түркі халықтары (ахысқа түріктері, өзбек, татар, ұйғыр) поэзиясының Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі 20 жылдан астам мерзімін қамтыған. Автор Қазақстандағы аталмыш түркі халықтары шығармашылығының түп негізі ретінде Алтын Орданы атай отырып, осы күнгі түркі халықтары поэзиясын соның жалғасы санайды.

«Қазақстан – бүкіл түркі халықтарының атажұрты. Көп ғасырлар бойы адамдар ұрпақтарына әртүрлі себептермен дербес ұлттық – мемлекеттік

сипаты толық танылмай келген Қазақстанның әлемдік дамуға негіз болған түркі өркениетінің негізгі тарихи мекені екендігін бұрынғы – соңғы фольклор мұралары мен әдебиет шығармалары, жазба ескерткіштері арқылы дәлелдеуі – өзекті мәселе» дейді автор. Бұл шынында да солай.

Шынарай Бүркітбаева зерттеуінің дұрыс бағытта болуына «тәуелсіз ел тұғыры – ұлттық код – ұлттық құндылық» екендігіне баса назар аудара, жан-жақты талдауға тырысуы, түркі халықтары поэзиясындағы «Мәңгілік ел» идеясының жырлануын басты нысана етуі үлкен ықпалын тигізген. Ғылыми жұмыста «ахысқа түріктері мен татар ақындары жырларындағы ортақ түркілік сарындар», «өзбек ақындары шығармаларындағы ұлттық бірегейлік», «Тәуелсіз Қазақстан әдебиеті дамуындағы ұйғыр ақындары поэзиясы үлесіне және татар ақындары жырларындағы «Туған Отан – Қазақстан түсінігі» дұрыс қарастырылған.

Диссертацияда Қазақстандағы түркі халықтары әдебиетінің әлем өркениеті мәдени ықпалдастығы жолындағы байланыстары жаңаша жүйеленген; Қазақстандық түркі ақындары шығармаларының тақырыптық-идеялық жанрлық ерекшеліктері сараланған; Өзбек ақындарының дидактикалық-философиялық жырларын зерделенген; Ұйғыр поэзиясын кезеңдерге бөліп, ақындарының лирикалық шығармалары талданған; Татар ақындары шығармаларының поэтикалық ерекшеліктері бағаланған деуге болады.

Диссертацияда жақсы ойлар мен ұсыныстар, оңды пікірлер барлығын айтқан жөн. Диссертант аталмыш туысқан түркі халықтары поэзиясындағы тарихи таным мен ұлттық бірегейлік мәселелері жайлы орнықты ой айта отырып тұщымды тұжырымдар жасай алған.

Бүркітбаева Шынарай Дүбірқызы Әбу Насыр Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Шығыстану факультетінің түркология бөлімін бітірген. Түрік тілін меңгерген. Түркияда біраз жыл тұрып, түрік ғалымдарымен тақырыбы бойынша пікірлесіп, ақыл-кеңестерін алып отырды. Нәтижеде жақсы жұмыс жазылды деп есептеймін. Зерттеуші диссертациясы түрік, татар, ұйғыр, өзбек тілдеріне аударылса игі іс болар еді.

Жас ғалымның зерттеу жұмысы диссертацияларға қойылар талапқа толық жауап бере алады.

Отандық ғылыми жетекші –

ҚР ҰҒА академигі,  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор



Әбсаттар Қажы Дербісәлі